

ҚҰРБАН АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!



қоғамдық-саяси, тахымдық апталық газет

№36 (47) 26.09.2015

Қ.КӨШЕРБАЕВ: ҚАЗАҚСТАН ТЕҢГЕДЕН БАС ТАРТЫП, ОРТАҚ ВАЛЮТА ЕНГІЗБЕЙДІ



Жақында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде студенттерге «Халықаралық валюта жүйесінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында дәріс оқыды. Онда әкім «Тәуелсіздікті бәрінен де биік қоятын біз үшін төл теңгеден бас тарту мүмкін емес қадам» деп мәлімдеді. Қызылорда облысының әкімі, саясат ғылымдарының докторы Қырымбек Елеуұлы Көшербаев мырза студенттердің алдында оқыған дәрісінде жаһандық саясаттағы орын алып жатқан оқиғаларды сараптай келе, халықаралық валютаның

еліміздің экономикасына әсеріне кеңінен тоқталды.

«Әлемдік валюта жүйесінің қазіргі жағдайы мен оның болашағы дүние жүзінде ең қызу талқыланып жатқан мәселелердің бірі. Көп мамандардың пікірінше, алдағы уақытта валюта жүйесі түбегейлі түрде өзгеруі мүмкін. Басты қағидалары мен ережелері XX ғасырдың ортасында қалыптасқан және АҚШ долларына негізделген қазіргі әлемдік валюта жүйесі осы күнгі әлем экономикасындағы күштердің ара-салмағын ескермейді», – деді Көшербаев.

«Әлем экономикасының тарихына көз салсақ, құлдырау,

өрлеу болып отырған. Сондықтан бұл қиыншылық та өтпелі кезең. Тәуелсіздіктің бастауында Қазақстанның қысқа уақытта осындай жетістіктерге жетуі, Астананың қазіргідей қалаға айналуы бізге мүмкін емес болып көрінген. Теңгенің де әлемдік валюталар қатарынан орын алуы қазір мүмкін емес болып көрінеді. Бірақ, арманы асқақ, мұраты биік елдер ғана алға басады. Сол армандарымызды ақиқатқа айналдырар азаматтардың осы залда отырғанына мен сенемін», – деді облыс әкімі.

Нұрзат Тоғжан

МЕККЕДЕ ЖҮЗДЕГЕН АДАМ ТАПТАЛЫП ӨЛДІ

Қыркүйектің 24-і күні Мекке маңындағы Мина алабында қажылық қылуға келген кем дегенде 717 адамның тапталып өлгені хабарланды.

Сауд Арабиясының қорғаныс министрлігі қыркүйектің 24-і күні Мекке түбіндегі Мина алабында діни парыздарын өтеу кезінде кем дегенде 717 қажының аяқ астында қалып, тапталып өлгенін мәлімдеді. Жараланған адамдар саны 863 төңірегінде. Бұл қайғылы жағдай мұсылмандардың Құрбан Айт мейрамының алғашқы күніне тап келді. Минаға 200 жедел жәрдем көлігі, төрт мың құтқарушы жеткізілді. Соңғы ширек ғасырда Меккедегі қажылық кезінде мұнша көп адам өлген оқиға болмаған.

Биыл қыркүйектің 21-26 күндері арасында өтіп жатқан мұсылмандардың қажылық діни рәсіміне қатысу үшін Сауд Арабиясындағы Мекке қаласына 1 миллион 400 мыңға жуық адам жиналған.

Қазақстаннан биыл қажылыққа төрт мың адам аттанған. Елдің сыртқы істер министрлігі әзірге зардап шеккендердің

ішінде қазақстандықтардың бар-жоғын анықтап жатқанын хабарлады.

Мұсылмандық шарттарына сәйкес қажылықтың соңғы күндерінің бірінде қажылар Мекке маңындағы Мина алабына барып түнге дейін құлшылық қылады. Сол жерде Ібілісті бейнелейтін бағанаға тас лақтыру ғұрпын жасайды.

Биылғы қажылық алдында Меккеде және бір қайғылы оқиға болған еді. Қыркүйектің 11-і күні Әл-Харам мешітіне қатты желден шайқалған құрылыс краны құлап, 107 адам мерт болып, 200-ден аса адам жараланған.

Сауд Арабиясының ішкі істер министрлігі биылғы қажылық кезінде қауіпсіздік шараларын ерекше күшейтіп, антитеррористік қызмет, азаматтық қорғаныс пен полиция күштерінен 100 мың күзетші тартқанын мәлімдеген еді.

azattyq.mobi

ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК БОКСШЫСЫ АТАНДЫ

WBA (Super), IBO және WBC (Interim) нұсқалары бойынша әлем чемпионы Геннадий Головкин The Ring-нің салмақ дәрежесіне тәуелсіз (Pound-for-Pound, P4P) әлемнің ең үздік боксшысы атағына дауыс беру кезінде жеңімпаз атанды. Бұл туралы Vesti.kz хабарлайды.

Қазақстандық боксшыға 69071 адам немесе барлық дауыс берушілердің 72 пайызы дауыс берген. Екінші орынды 23505 дауыспен немесе 24 пайызбен никарагуалық Роман Гонсалес иеленді. Осылайша, Геннадий Головкин Роман Гонсалесті 45566 дауыспен жеңіп, әлемнің ең үздік боксшысы атанды. Сондай-ақ үздік үштікке 1107 дауыспен



филиппиндік боксшы Мэнни Пакьяо кірді.

БҮГІНГІ САНДА:

2-бетте

ИРАНДАҒЫ БОСҚЫН ҚАЗАҚТЫҢ
АРМАНЫ

ҚАЗАҚ ҚАСІРЕТІНЕ КӨЗҚАРАС

6-бетте

7-бетте

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛІК
ЖАНДАНУДА

ИРАНДАҒЫ БОСҚЫН ҚАЗАҚТЫҢ АРМАНЫ



Биыл жүздеген мың босқын Ауғанстан, Ирак пен Сириядан Батыс Еуропаға лап қойған кезде совет-ауған соғысы тұсында Ираннан босқын мәртебесін алған қазақ отбасыларынан шыққан бір жас Қазақстанға ұмтылыпты.

Исфаханда тұратын этникалық қазақ Хаким Назар – Ауғанстан азаматы. 1980 жылдары совет-ауған соғысы кезінде ата-анасы Иранға қоныс аударып, босқын мәртебесін алған. Алматыға жеткен Хаким Назар Азаттық радиосына келіп Иранда тұратын Исфахан казактары туралы әңгімелеп берді.

Азаттық: – **Хаким, Иранның қай жерінде туып өстіңіз?**

Хаким Назар: – 1988 жылы Иранның Исфахан қаласында туып өстім. 12 жылдық қана білімім бар. Одан әрі оқуға мүмкіншілік болмады. Себебі, менің әкем осыдан 35 жыл бұрын шамасында, нақтырақ айтсақ ауғандар мен орыстардың соғысы кезінде, Ауғанстаннан қашып Иранға барған екен. Сол кезде оларға босқын мәртебесін берген. Сол себепті Иранда тусам да, мен әлі ауған азаматы болып саналамын. Мектеп бітіргеннен кейін құрылыста қара жұмыс жасадым.

Ол жақта (Иранда – ред.) босқындар тек қара жұмыс істейді. Басқа жақсы қызметтерге баруға заңмен тыйым салынған. Жеке кәсіппен де айналыса алмайсың. Қиындау. Үкіметтік жұмыстарға мүлдем бара алмайсың.

Азаттық: – **Не себепті?**

Хаким Назар: – Ол жерде үкіметтік жұмыстармен немесе басқа да лауазымды қызметтермен тек Иран азаматтары айналысады, ал қара жұмыстарды сырттан келген босқындарға заңмен міндеттеп қойған. Бізге (ауғанстандық босқындарға – ред.) тек Иранда тұруға, оқуға, көшеге шығуға рұқсат етілетін ықтияр хат берген. Егер Ауғанстанда жағдай жақсарса, бізді бірден кері қайтарып жібереді. Сол үшін Иран азаматтығын бермей отыр. Және бір айтарым – біз Ауғанстан азаматы ретінде Ираннан басқа шет елге шыға алмаймыз.

Азаттық: – **Исфахан –**

Ирандағы қазақтар аз тұратын жерлердің бірі. Шамамен қанша қазақ бар?

Хаким Назар: – Исфаханда мен білетін, танитын казактар – 30 отбасы. Олардың көбі - оқи алмаған, балалары Иранда өскен адамдар. Сол 30 отбасының ішінен Қазақстанға келуге ниет еткен мен ғана болдым. Қазақстанға келіп, жақыннан көрейін. Жағдайды Ирандағы қазақтарға айтып берейін. Оларда бәлкім көшіп келетін шығар деп, бір ай бұрын шамасында Қазақстанға келдім.

Азаттық: – **Ауғанстандық босқын қазақтарға Иран үкіметі баспана берген бе? Олар қандай жағдайда тұрады?**

Хаким Назар: – Жоқ. Оларға баспана да, үй салуға жер де берілмейді. Біз үйді жалға алып тұрамыз.

Азаттық: – **Исфаханда 30 қазақ отбасы тұратынын**

айттыңыз. Мектепте парсы тілінде оқыпсыз. Бірақ қазақшаңыз жақсы екен. Осының себебін айтыңызшы?

Хаким Назар: – Оның сыры – өз тілімді құрметтегенім. Әкешем үйде қазақша сөйлейді. Сондықтан қазақшаны білеміз. Бірақ 12-15 жастағы жастар парсыша араластырып немесе парсыша сөйлейді. Қазақша білмейтіндер де бар.

Азаттық: – **Исфахан қаласынан Қазақстанға қоныс аударып жатқан жалғыз қазақ екенсіз. Құжатты азаматтық алу үшін бе әлде тек ықтияр хат алу үшін жинап жүрсіз бе? Құжат жинауда кедергілерге кездесіп жүрген жоқсыз ба?**

Хаким Назар: – Мен Иранда жүрген кезде интернет арқылы осы Алматыда тұратын бір қазақпен танысқан едім. Алғаш Алматыға келгенде сол кісі мені қарсы алып, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында тұратын, осыдан біраз жыл бұрын Ауғанстаннан көшіп келген бір қазақпен таныстырды. Қазір сол кісінің үйіне тұрақты тіркеуге тұрмақшымын. Ол кісі келісімін берді. Түркістан қаласының көші-қон полициясы сотталмағаным туралы анықтама алып келуімді талап етіп отыр. Құжаттарды ықтияр хат алуға Ауғанстанның бас консулдығына бардым. Олардың айтуынша, уақыт керек, бір жарым айда дайын болады екен. Өйткені олар оны поштамен жібереді. Ал ол жақта компьютер жоқ. Қолмен жазып, қайтадан поштамен жібереді екен. Ал осылай шығарда Кабулден үш айлық виза алып, Қазақстанға келдім. Егер оны күтіп отырсам, визамның уақыты бітіп кетеді екен. Егер Қазақстанда қала алмасам, онда артымда қалған 30 үйдің де үміті өшеді. Себебі олар менен жақсы жаңалық күтіп отыр.

Азаттық: – **Иранда туып өсіңіз. Ал сотталмағаныңыз туралы қағазды Ауғанстаннан сұратып отырсың. Осы жерін таратып өтіңізші?**

Хаким Назар: – Иә, менің қолымдағы құжатта Ауғанстан азаматы деп көрсетілген. Сондықтан мен ол қағазды Ауғанстаннан алдыруым керек. Ал Иран заңы бойынша менің Қазақстанға кетуге хақым жоқ. Сол себепті мен әуелі Ираннан Ауғанстанға жұмыс іздеп кеткен адам ретінде шығып кеттім де, Кабул арқылы Дубайға ұшып бардым. Дубайдан Қазақстанға келдім. Егер Иран үкіметі менің Қазақстанға кетіп қалғанымды білсе, онда қалған ата-анама қысым көрсетуі мүмкін. Себебі мен заң бұзып отырмын.

Азаттық: – **Оралман мәртебесін (я Қазақстан азаматтығын) алу үшін сізді Иранның заңын бұзуға мәуекел еткізген не себеп? Тарихи отаныңыздан не күтесіз?**

Хаким Назар: – Ол жақта былайша айтқанда қорлықпен өмір сүріп жүрміз. Оған қоса, мені осында сүйреген - Қазақстанға деген махаббатым. Құжат жинауда қиыншылық болатынын білдім. Бірақ соны біле тұра келдім. Ал көп адам осындай қиыншылықтардан қорқып келмейді.

Азаттық: – **Азамат атансаңыз қайда оқығыңыз, немен шұғылданғыңыз келеді?**

Хаким Назар: – Техника саласына жақынмын. Болашақта техникалық мамандықтардың бірінде оқысам, тым болмағанда көлік жөндейтін маман болып шықсам деп армандаймын.

Азаттық: – **Сұхбатыңызға рахмет!**

azattyq.mobi

<<ҰЛТТЫҚ МҮЗЕЙГЕ СЫЙ ТАРТУ>> АКЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы Қызылорда қаласындағы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Ұлттық музейге сый тарту» республикалық акциясын өткізді. Шараның басты мақсаты - ұлттық тарихи-мәдени мұрамызды сақтау мәселесіне қоғам назарын аудару. Ел арасында елеусіз жатқан тарихи маңызы зор құнды заттарды, ұлтымыздың ірі тұлғаларының жәдігерлерін кәсіби тұрғыда сақтауға және көпшілік назарына ұсыну үшін Ұлттық музейге тапсыруға үндеу болып табылады.

Акцияның алғашқы сөз кезегін облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Дархан Қамзабекұлы алып, мәдениетке жасалынып жатқан жанашырлыққа көңілі толатындықтарын жеткізді.

Шараға облысымызға белгілі Тұрмағамбет Ізтілеуов, Ыбырай Жақаев,

Ұлбала Алтайбаева, Сәлима Жұмабекова, Зейнолла Шүкіров, Асқар Тоқмағамбетов сынды т.б. ұлтымыздың біртуар перзенттерінің ұрпақтары мен туған-туыстары қатысып, олардың қолданған құнды жәдігерлерін Ұлттық музейге табыстады. Атап айтқанда, Т.Ізтілеуовтың немересі Шалқыма Ізтілеуова атасының өз қолымен жазған 12 беттік қолжазбасын тапсырса, А.Тоқмағамбетовтың қызы Аягөз Тоқмағамбетова әкесінің 40-тан астам құнды суреттерін және М. Горкий берген мүшелік билетін мұражайға салтанатты түрде табыс етті. Сондай-ақ, Ы.Жақаевтың кетпені мен тақиясы да мұражай төрінен орын алатын болады. Акция аясында сыр өңірінің тумалары, белгілі композитор Кеңес Дүйсекеев пен даңқты спортшымыз Илья Ильиннің жеке заттарымен қоса, жергілікті суретші, мүсіншілердің де туындылары музейге тарту етілді.

«Ұлттық музейге сый тарту» акция-

сы биылғы жылғы 18 наурызда Астанада Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде салтанатты түрде бастау алған болатын. Шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев, Кеңес Әзірбаевтың ұлы Бакытжан Әзірбаев, Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жаксылық Үшкемпіров, белгілі саясаттанушы Ерлан Қарин, «Қадыр Мырзалиев» қорының төрағасы Дәулет Қажымов, Олимпиада чемпиондары – Серік Сәпиев, Бакыт Сәрсекбаев, Юрий Мельниченко сынды елге белгілі азаматтар, коллекционерлер, танымал тұлғалардың ұрпақтары, спортшылар, жеке адамдар қатысқан еді. Осы уақытқа дейін Ұлттық музейге барлығы – 918 зат табысталды. Астана қаласынан - 411 болса, Алматыдан - 507.

Аталған шара туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Дархан Мынбай: «Жұрттың сандығы мен шкафында, шатыры мен жертөлесінде әлі ашылмаған, ғылыми айналымға түспеген небір құнды жәдігерлер тұр. Оны «бабамның бабасының көзі» деп, ешкімге айтпай, көрсетпей ұстау арқылы сақтаймыз деп ойлайды. Ал шындығында, бетін аулақ қылсын, оның оттан-судан

сақтандырылмағаны былай тұрсын, кез-келген зат биологиялық өзгерістердің салдарынан жылдан-жылға жойыла береді. Жәдігердің бүтін қалпын тек бірнеше ұрпағы ғана көруі мүмкін. Кәдімгідей жылмен есептегенде, 50-70 жылда жеке азаматтың қолындағы бұйым, зат жойылып отырады. Әркім өз отбасындағы қадірлі бұйым туралы ойланып көрсінші, соның көбі жоғалған, жойылған немесе қолды болған. Сондықтан «кез-келген мұра музейде сақталыну керек» деген елдік ұстанымды жалпыхалықтық парыз санаудың уақыты туды деп санаймын. Музейге лайықты бұйымды, затты, құжатты экспонат ретінде қорға тапсырудың өзі Қазақстанның кез-келген азаматы үшін абырой, дәреже болатын күн де алыс емес. Бұл әлемде бар үрдіс», - дейді.

Қазақ «Сары майдай сақтаған» деген кереметбірсөзбар. Елге белгілі азаматтардың ұстаған заттары халық үшін киелі, қасиетті. Сондықтан, олардың әрбірі халық қызыға тамашалайтын мұражайлардың төрінен табылуы тиіс. Аталмыш акция жыл соңына дейін жалғасып, еліміздің барлық аймағын қамтитын болады.

Рыскелді ЖАХМАН.



ЕСТЕ ҚАЛАР ЕСТІ СӨЗ ЭКРАНДА НЕГЕ ЖОҚ?

Жасанды сөз, жарымжан диалогтар


Кейінгі жылдары өзгелерімен салыстыра келгенде отандық көрерменнің біршама көңілінен шыққандай болған «Қара шаңырақ», «Сырғалым», «Жедел жәрдем» секілді сериалдардың қазір де қайталанып көрсетіліп жатқанына қарағанда, сапалы телехикая жеткілікті деуге әлі ерте. Аталған туындылардың бәрі де – «Қазақстан» ұлттық арнасының өз өнімі немесе осы арнаның тапсырысымен жеке студияларда таспаланған. «Өпке», «Ұлжан», «Көк тарландары» секілді сериалдар да көрерменге бірнеше рет қайта ұсынылды. «Тракторшының махаббаты» мен «Күләш» та «Хабар» арнасынан екі рет қайталанды. Демек, қазақ теледидары отандық жаңа телехикаяларға әлі де зәру деген сөз.

Жасыратыны жоқ, сериалдарымыздың көпшілігі сапа жағынан сын көтермейді. Біріншіден, сөз саптасымен сүйсіндіріп, құлаққа жағарлықтай құнарлы тілді драматургия жоқ. Телехикая түсірушілер сценарий жазуға қазақы тілдің қаймағын білетін қаламгерлерді тартуды ескере бермейді. «Сериалға көркем тілдің қажеті не? Ресейдің көп сериялы фильмдерін де көріп жүрміз ғой, солардың қайсысынан орыстың әдеби тілін табасыз?» деп дауласа кететіндер де бар. Иә, сериал табиғаты көркем фильмге қарағанда қарапайымдау болып келеді, оны білеміз. Бірақ, бұл «көшедегі ауызекі тілді көгілдір экранға сол күйі көшіре салу керек» дегенді білдірмейтін шығар?

Рас, сериалдардағы сөз негізінен диалог түрінде өрбиді. Екі немесе одан да көп адамның өзара әңгімесі арқылы сюжет дамып отырады. Өкінішке қарай, қазақ телехикаяларындағы осындай диалогтардың басым бөлігі өте жасанды шығады. Мұның бір себебі – сценарийлердің көбін орысша ойлап, қазақша жазатын адамдардың әзірлеуінде болса керек. Қазақы сөз орамдары, ұлттық ұғым тұрғысынан сөйлем құрау тым сирек ұшырасады. Керісінше, орысшадан ойша тікелей аударылып айтылған калька сөйлемдерден, бірін-бірі жетектеудің орнына өкпелеген жандарша екеуі қарама-қарсы қарап тұрған жарымжан диалогтарды қай сериалдан да кездестіресіз. Қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін қидалап, «жаңалық ашатындар» да баршылық.

Сериал ғана емес, қазақтың жалпы кино өнерінде сөзге мән берілмейтін болып жүр. Негізінде фильмнің табысты болуына тапқыр сөз, ұтымды әзіл, мәнді диалогтардың ықпалы зор. Көрермен жүрегінен орын алған олардың үздіктері көп ұзамай кәдімгі қанатты сөзге айналады.

Мәселен, «Өзгенің басына қызыққан өз басын да ойлай жүргені жөн болар!» деген фразаны естігенде есіңізге қай фильм түседі? Дұрыс айтасыз, «Қыз Жібек». «Ас жесен асықпай же» деген бір данышпан... өзі сүйекке



қакалып өліпті» десе, ойыңызға лезде «Менің атым Қожа» фильмі оралады. «Жүз сом, әрине, аз ақша емес, бірақ, денсаулық та керек» – аңызға айналып кеткен «Тақиялы періштедегі» сөз. «Мен әскерге кетсем, сендерге қиын болатын болды ғой» деген Қайыркенте «Өлмеспіз» дейтін Тастанның бір ауыз сөзінен-ақ оның мінезі ғана көрініп қоймайды, жалпы «Гауһартас» көз алдыңызға келе қалады. «Е, бұ қазақ кісі өлтіріп отырып та кісілігін сатпақ» және «Хайуанға жасаған қиянатың да жібермейді деуші еді, адамның қиянаты қайдан жіберсін, құлыным» деген сөздерден-ақ «Ақырғы аманат» пен «Өтелмеген парыз» еске түседі. «Мынадай мылтықпен мен құмырсқаның құлағына тигізген ғой!» дейтін сөйлемнен «Соғыстың соңғы жылы еді» фильмі жадыңызда жаңғырып, жападан-жалғыз отырсаңыз да, өз-өзіңізден жымия бастайсыз.

Сценарийді шеберлер жазу керек

Мұның бәрін тізіп отырған себебіміз – бүгінгі сериал тұрмақ, көркем фильмдеріміздің өзінен ЕСТЕ ҚАЛАР ЕСТІ СӨЗ естімейтін болды. Сірә, кейінгі жылдары түсірілген туындылардың ішінде тек «Біржан сал» ғана құлағымыздың құрышын қандырған шығар. Осы фильмдегі айрықша фразалардың жай ойымызға оралғандарын ғана айтайықшы: «Менің қолымдағы аркан – наданның жүрегіндегі кісен», «Ер мұраты – қатын қартайту», «Ер-азаматтың намысы тапталып жатқанда, бір қатынның өлімі – соның садағасы», «Осы сені ішіңнен бір нәрсе оттай қарма? Ал мені шоқтай шығжырада», «Бұл мезгілді қазақ «мизамкөк» дейді. Қыстыгүні күн шуағы жылт етсе, жер соған кәдімгідей алданып қалады. Мен де сондаймын».

Міне, сценарийді білікті маманға, шебер қаламгерге жаздырудың артықшылығы! «Біржан салдың» сценарийін былтыр ғана дүниеден өткен ойшыл жазушымыз Таласбек Әсемқұлов жазған болатын. Осы

фильмді алғаш көріп шыққанда: «Құдайға мың да бір тәубе! Аузымен құс тістеген қазақтың баяғы сапалы кинодраматургиясы әлі өлмепті ғой!» – деп қуанбаған жан қалмаған шығар, шамасы. Мұндай дүниенің өзі де әдебиетке жақын, сөз өнерінің қадірін біліп, қасиетін түсінетін режиссерге тап келгені аз олжа емес-ті. «Қой көрмегенге қозы бітсе, қуалап жүріп өлтірер» дегендей, сөзге орашалақтау олақ режиссердің қолына түссе, қандай көркем шығарманы да көктей солдырады анық қой.

Қарапайым қауым ғана емес, оқыған-тоқығаны, көрген-білгені көп білікті көрермен де Леонид Гайдай, Эльдар Рязанов, Георгий Данелия секілді режиссерлердің фильмдерін өте жоғары бағалайды. Мұның басты себептерінің бірі – тағы да әлгі есте қалар есті сөздің құдыреті.

Біздің кино, телехикая салаларындағы кемшіліктеріміз әсіресе, шетелдік нұсқалармен салыстырғанда көзге көбірек байқалады. Голливудтың немесе Болливудтың үздік туындылары басталған сәтте титрдан «story», «dialogue», «screenplay» деген жазуларды және олардың авторларының көп жағдайда әрқалай болып келетініне мән бердіміз бе? Яғни, АҚШ-та немесе Үндістанда фабуланы, яғни, негізгі сюжетті («story») бір адам жазады, ондағы кейіпкерлердің өзара әңгімесін, диалогтарын («dialogue») басқа бір адам құрады, ал осы құрылымның бәрін жүйелеп, сценарийдің («screenplay») нақты да толық нұсқасын үшінші бір адам қорытындылайды. Демек, сценариймен үш адам тікелей жұмыс істейді және әрқайсысы өз міндетін жақсы біледі. Көрерменнің ерекше есінде қалатын мағыналы диалогтар, көзіңізге жас алдырар немесе еріксіз езу тартқызар әсерлі сөздер, жаныңызды тербеп, жүрегіңізді толғандырар оқшау ойлар осындай ыждағатты жұмыстан, ыстық ықыластан туады. Әйгілі режиссер Альфред Хичкоктың: «Жақсы фильмнің негізгі үш құрамдас бөлігі бар: олар – сценарий, сценарий және сценарий», – дейтін

себебі де сондықтан шығар?

Таптаурын тәсіл, таныс штамп...

Бүгінгі фильмдеріміздің, сериалдарымыздың шетелдік нұсқалардан кем түсіп жатқан тағы бір тұсы – актерлердің кескін-келбеті мен ойнау шеберлігі. Кейінгі жылдардағы кинолардан көркіне көз тоятын, сымбатына жан сүйсінетін типаж табу өте қиын. Экрандағы кейбір кейіпкерлердің тұр-тұлғасына қарап отырып, «режиссерлер жүз адамның ішінен әдейі ең сұрықсызын сұрыптап алған ба?» деген ойда қалуға мәжбүрсіз. Біздің киногерлер үшін әртістің сырт келбеті ешқандай рөл ойнамайтын сияқты. Кастинг, сынақ дегендердің қалай жүргізілетіні беймәлім.

Кино – эстетикалық талғамды қалыптастыратын өнердің бірі. Адам, әсіресе, жас көрермен жақсыдан үлгі алуға, әдеміліктен әсерленуге, көз қуантар көркемдіктен қуат алуға тырысады. «Түсі игіден түңілме» дегенді айтатын да – қазақ. Бізде қазір киножұлдыз деген жоқ. Өйткені, сол атакқа кескін-келбетімен, тұр-тұрпағымен сәйкес келетін тұлғалар шықпай жатыр. Жас ұрпақтың өзіне үлгі тұтар, нағыз жігіттің һәм нағыз арудың идеялы санар ұлттық қаһармандар көре алмай отырмыз.

Сосын қазіргі қазақ фильмдері мен сериалдарында шынайы актерлік ойын әлсіз. Шамасы, актерлеріміз сериалдарды жай қосымша ақша табу құралы ретінде ғана қарастырып, барын салмай, атүсті ойнап шыға салатын тәрізді. Осы орайда таяуда ғана дүниеден өткен танымал орыс актері Лев Дуровтың бір сөзі еске түседі. «Актердің жадында үш деңгей болады, – депті ол бір сұхбатында. – Алғашқысында әрі ең тереңінде – театр сахнасында жылдап ойнап, санаңа сіңген кейіпкер монологтары тұтаса көшіп жүреді. Оларды мен түнгі үште біреу түртіп оятып сұраса да жаңылмай айтып бере аламын. Екіншісі – кинодағы кейіпкерлердің сөздері. Бұлардың да көпшілігі есімде, бірақ, түгел


емес, үзік-үзік. Тұтас жаттауды қажет деп санамаймыз, өйткені, кинода екінші, үшінші, төртінші дубль дегендер бар, қайта түсіруге болады. Ал мидың ең бергі жұқа қабатында сериалдардағы диалогтарымыздың сұлбасы орналасады. Олар бүгін, яғни, түсірілім кезінде ғана есте, режиссер «стоп!» деген соң-ақ ол бірден ұмытылады».

Біздің актерлеріміз де «танымал бола түсуімізге осы теледидардың, сериалдың да көмегі тиіп жатыр-ау» деп, тым болмаса көпшілік көрермен үшін барын салып ойнауға тырыспайды. Қай телехикаяны қарасаңыз да, сол баяғы таптаурын тәсіл, таныс штамп, жасанды интонация, нанымсыз әрекет... Көрерменді өз кейіпкерімен бірге баурап әкету өте сирек. Телеэкранның бер жағындағы адам актермен бірге күліп, бірге жылап, кейіпкер тағдырының бүкіл тауқыметін бірге кешкендей болуы керек қой. Ондай эпизодтар да байқамадық. Бір әріптесіміздің: «Неге біздің сериалдарда актерлерді тек орташа планмен ғана түсіреді, неге ірі план жоқ?» – деген сауалына кино саласында жүрген бір маман: «Ірі планмен түсіргенде актердің бет-жүзінен, көзінен, мимикасынан шынайы ойнау белгілері, жан күйзелісі бірден байқалып тұрады, ал бізде солай барын салып, жан-жүрегімен ойнап жатқан актер көрдің бе?» – деп жауап берген екен. Бұдан артық қалай айтарсыз?

Ал кішкентай балалардың ойыны қандай жасанды, қандай жалған? Бүкіл Қазақстаннан қазақша жатық сөйлей алатын, камера алдында еркін әрекет етіп, шынайы ойнай білетін бала табылмай ма? Бір ғана «Жедел жәрдем» телехикаясындағы баланы-ақ алайықшы (бас кейіпкер – Гауһардың ұлының рөлін орындайтын балақайды). Өте жасанды сөйлейді – бір, кимыл-қозғалысында еркіндік жоқ – екі, бет-жүз құбылтып ойнаудан, «әртістік» қабілеттен жұрдай – үш... Сонда баяғы Абдолла Қарсақбаев, Шәріп Бейсембаев, Қанымбек Қасымбековтер талантты балаларды қайдан тапқан, қалай ойнатқан? «Менің атым Қожа», «Жүйрік болсаң озып көр!», «Арман-атаман», «Алты жасар Алпамыс», «Шоқ пен Шер» секілді фильмдер әлі күнге естен шықпайды. Мұның бір себебі – басты рөлдегі балақайлардың шынайы ойыны, оларды жасандылыққа жолатпаған майталмандардың шеберлігі емес пе?..

Кино өнерімізді, телехикая өндірісімізді сан жағынан да, сапа жағынан да өсірмесек болмайды. Егер осы бағытымызбен кете берсек, шетелдік кино басқыншылығынан еш құтыла алмаймыз. Көрермен қауымның орыс пен кәрістің, үнді мен түріктің сериалына телміруі әрі қарай да жалғаса бермек.

Сәкен СЫБАНБАЙ
«Алматы ақшамы» газеті.



БАҒЫТЫ АЙҚЫН, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ЖИЫРМА ЖЫЛ!



Бабаларымыздың сан ғасырлық арманы Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге ширек ғасырға жуық уақыт болып қалды. Бұл тарих өлшеммен қас-қағым ғана сәт болса да, жас мемлекетіміздің іргетасын негіздеу жолындағы жүйелі реформалар, тұғырнамалық заңдар, саяси-қоғамдық өзгерістер уақыты болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің тарихында 1995 жылдың алар орны ерекше. Бұл - ел бірлігі мен қоғамдық келісімінің ұйытқысы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған, құқықтық мемлекеттің бастауы Ата заңымыз Конституцияның қабылданған мерейлі жылы. Бұл - білім және ғылым кеңістігінде тәуелсіз, жеке оқу орындарының құрылып, заманауи даму жолына түскен уақыты.

1995 жылы Мәскеу Халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университеті филиалының ашылуымен Елбасы Н.Ә.Назарбаев Алаштың анасына бағалаған Сыр өңірінің тәуелсіз жоғары оқу орнының алғашқы қарлығашы болып табылатын «Болашақ» университетінің тарихы бастау алды. Филиал беделінің артуы студенттер санының ұлғаюы мен жаңа мамандықтардың ашылуына негіз болды. 1998 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің филиалы ашылды.

1999 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес оқу орны дербес «Қызылорда Экономика, статистика және информатика университеті» болып қайта құрылып, бір жылдан кейін университет жанынан колледж ашылды.

2001 жылдың 12 желтоқ-

санында ҚР Білім және ғылым министрлігінің АА №0000073 лицензиясын алуына байланысты «Қызылорда Экономика, статистика және информатика университеті» «Болашақ» университеті болып қайта құрылды.

Университет басшылығы мен оқытушы-профессорларының қажырлы еңбегінің арқасында өзінің он жылдығында «Іскерлік тәжірибенің жоғарғы сапасы үшін» халықаралық қорының, ал, 2006 жылы Қазақ-Швейцария Бизнес Клубын дамытудағы «Мінсіз іскерлік беделі үшін» Алтын медальдарымен марапатталды.

Дүниежүзілік қауымдастықтың беделді субъектісі ретінде университет өкілдері 2006 жылы Париж қаласында өткізілген экономистердің III Халықаралық Ассоциациясының басқосуына қатысты.

2014 жылы халықаралық талаптарға сай институционалдық аккредитациядан және 2015 жылы кезекті мемлекеттік аттестациядан табысты өткен болатын. Бұл университет ұжымының және оның Ғылыми жетекшісі ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендері мен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «10 жыл Астана» медальдарының иегері, э.ғ.д., профессор Бакбергін Сәрсенұлы Досманбетовтің ортақ ерен еңбектерінің жемісі, жеңісі деп атауға лайық!

Университет құрылымының қатарында Қамқоршылар кеңесі, ғылыми жетекші, Ғылыми кеңес, ректор, коммерциялық орталық, проректорлар, 3 факультет, 10 кафедра, оқу-әдістемелік басқарма, офис-тіркеуші, ма-

гистратура бөлімі, студенттер бөлімі, қашықтықтан оқыту орталығы, жұмысшы кадрларды дайындау және қайта даярлау орталығы, IT технологиялар орталығы, кітапхана, азаматтық қорғаныс бөлімі, мұрағат бөлімі, әкімшілік-шаруашылық бөлімі, «Болашақ» колледжі, «Болашақ» медициналық колледжі бар іргелі оқу орны.

Қазіргі таңда, оқу орны Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына айрықша үлес қосып келеді. Ал университет қабырғасынан канаттанған түлектер еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салаларда ел игілігі үшін қызмет жасауда. Университетте Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес еліміздің экономикасы мен әлеуметтік-саяси өміріне қажетті бакалавриаттың 42, магистратураның 6 мамандығы бойынша жоғары білікті, жан-жақты дамыған, кәсіби мамандар даярлануда.

Кез-келген білім ордасының беделі оның ғылыми әлеуетімен өлшенетіні белгілі. Қазіргі таңда университеттің профессор-оқытушылар құрамының сапалық көрсеткіші жоғары оқу орнында білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді. Профессор-оқытушылар арасында ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордені мен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «10 жыл Астана» медальдарының иегері, э.ғ.д., профессор Б.С.Досманбетов, ҚР Білім беру ісінің үздігі, а.ш.ғ. докторы, профессор Ж.Өтесінов, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері, п.ғ.к., профессор Г.Ө.Серікбаев, Украина Ұлттық авиациялық университетінің Аэроғарыш институтының құрметті профессоры, т.ғ.к. В.В. Свечников, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Ресей Жаратылыстану Ғылымдары академиясының профессоры, PhD докторы З.Р.Досманбетова, Президенттік «Болашақ» бағдарламасы стипендиясының иегерлері, ф.ғ.к. Г.Ж. Снасапова, «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, т.ғ.к. А.Ә.Еңсепов, Ресей Жаратылыстану Ғылымдары академиясының профессоры, Білім саласына еңбегі сіңген қызметкер п.ғ.к., доцент С.Б.Қуанова, университет түлегі, ҚР БҒМ 2013-2014 жылға арналған жас ғалымдарға берілетін мемлекеттік ғылыми стипендиясының, ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2014» атағының

иегері, с.ғ.к. М.Ө.Насимов ерекше атауға лайық.

Мемлекетіміздің түрлі бағдарламалық және салалық құжаттарына сәйкес білімді, ғылым мен тәжірибені ұштастыру арқылы сапалы білім беру басымдықтар қатарынан табылатыны белгілі. Осы бағытта университетте оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар барысында көздеген нәтижелерге қол жеткізіліп, оларды тәжірибе жүзінде іске асыруға бағытталған инновациялық идеялар мен тәжірибелерді қолдаудың институционалды нысандары дамыған. Мәселен, Ғарыштық ғылыми-зерттеу жұмыстары зертханасы, Агробиотехнологиялар ғылыми зертханасы, Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығынан тұратын Ғылыми зерттеу институты, «Астакөл» оқу-тәжірибелік және сауықтыру орталығы, «Балжансай» агробиологиялық және ғылыми-тәжірибелік участогы және т.б.

Студенттердің қоғамдық өмірі де оқу орны басшылығы тарапынан еш уақытта назардан тыс қалған емес. Бүгінгі таңда университеттің студенттік өмірі аймағымыздағы жастардың бірден-бір рухани-мәдени кемелдену ошағына айналғаны жасырын емес. Университетіміздегі жастар ұйымдары, атап айтқанда «Жас қанат» студенттердің әдеби-шығармашылық үйірмесі, «English club», «Жас психологтар», «Жас тарихшы», «Жас мамандар», «Табиғаттанушы», «Спорт», «Фемида», «Болашақ педагогтар» үйірмелерінің мүшелері тек қала көлемінде емес, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде өз өнерлерімен таныла білуде.

Атап айтқанда «Болашақ» университетінің «Кербез» би ансамблі –Қызылорда өңірлік Х жастар Делфилік ойындарындағы «Қазіргі заман биі», жанры бойынша I, «Халықтық би» жанры бойынша II дәрежелі диплом иегерлері. 2014 жылғы республикалық Делфи ойындарының дипломанты атанды.

2014 жылы университетте студенттер театры ашылды. Студенттер театры И.Сапарбайдың «Ауылдан келген ару», Л.Егембердиеваның «Қалталы күйеу, қайдасың?» пьесаларын қойды. Бұл қойылымдар облыс, республика көлемінде сахналық көрермендер тарапынан қошеметке ие болды. Павлодар қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған әуесқой жастар мен студенттер театры ұжымдарының халықаралық фестивалінде II орынды иеленді.

Университет студенттерінен

құралған «Мәскеу қазақтары», «Тұңғыш Астана» КТК командалары республикалық орталық лигаларда өнер көрсетіп, танымал топқа айналды. Негізі 2012 жылы қаланған «БУ» құрама командасы 2014 жылы республикалық «Батыс» лигасында өнер көрсетті. Енді орталық лигада бақтарын сынамақ.

Сонымен қатар, «Болашақ» университетінде «Болашақ аялдмасы» фильмі түсірілді. Бұл фильм облыстық және республикалық телеарналарда көрсетілді. Фильмде өнер көрсеткен актерлер – университет және колледж студенттері әртістік шеберлігімен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Фильмнің сериялары түсіріліп, жалғасын табауда.

Университет студенттері білім сапасы желісімен айналысуда да белсенділігін танытып келеді. 2015 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылған республикалық білім олимпиадасында Педагогика және психология мамандығының «Эмпатия» тобы III орынды иеленді.

Өзінің 20 жылдық мерейтойын университет ұжымы зор жетістіктермен қарсы алуда. Университетіміздің Стратегиялық жоспарларында көрсетілген міндеттерді іске асыру нәтижесінде еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын, ғылымның басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізе алатын, патенттер мен лицензиялар арқылы технологиялық инновацияларға үлес қоса алатын жоғары білікті мамандарды даярлау арқылы мемлекеттік талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін заманауи ЖОО дәрежесіне көтеріле алдық.

Қазіргі таңда, «Болашақ» университеті – Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның, мәдениет пен спорттың іргелі, заманауи білім ордасы.

Университетіміздің жиырма жылдығы еліміздің мерейлі мерекелері Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституцияның 20 жылдығымен сәйкес келуін символикалық жақсы нышанда тануға тұрарлық. Бұл университетіміздің бағындырған биіктерді алқымдап, өсіп-өркендеуі мен жаңа асуларға бастайтын берекелі жылы болады деп сенеміз!

«Болашақ» университетінің 20 жылдығы мен мерейлі мерекелер жылы құтты болсын!

Ғалымжан КӘЛЕНОВ,
«Болашақ»
университетінің
ректоры, техника
ғылымдарының кандидаты.



ҚОБЫЗШЫЛАР БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Қазалы аудандық Әйтеке би кентінде Қазалы ауданы әкімдігінің қолдауымен, аудандық мәдениет Орталығы және Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен «Жанкент - Қорқыт - Қобыз» атты облыстық қобызшылар байқауы болып өтті.

Байқау Қорқыттан бастау алатын ұлттық қобыз өнерін көпшілікке кеңінен насхаттау, Қорқыт күйлерімен таныстыру және қобыз өнерінің кең таралуына ықпал жасау мақсатында

ұйымдастырылды. Байқауға Қызылорда қаласынан және аудандардан 8 өнерпаз қатысып, Бас жүлдеге Қалымбетова Ырсалды ие болды. I орын Берікқызы Гүлданаға бұйырса, II орынды Менділдә Мөлдір иеленді. Үздік үшінші орын Зинадин Гүлдананың қанжығасына байлады. Аталмыш сайыстың арнайы жүлдесіне Хайролла Ләйлә ие болып, Тегеурін Ерсін, Музаппарова Сымбат, Балтабай Айғанымдарға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

«ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ» өнер фестивалі ӨТТІ

Қоғамда әр адам әртүрлі күйде өмір сүріп жатыр. Тағдырдың қатал сынына ұшыраған жандар қоғамнан, өмірден ешқашан шеттетілген емес. Қайта оларға жасалған құрмет, оларға жасалған жағдай кейінгі кезде көңіл қуантады. Осындай әлеуметтік кедергілерді және білген мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамдық өмірге белсене атсалысып, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеттерін арттырып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға және оның дамуына үлестерін қосып келеді. Шығармашылық және қоғамдық сауықтыру – денсаулығы шектеулі жандарға күш қуат беріп, рухани әлемдерін кеңейтіп, өмірге деген көзқарастарын жақсартудың бірден-бір жолы. Өйткені, өнер әлемінде қоғамдағы барлық адамдардың дәрежесі тең. Тіпті, кейбір мүмкіндігі шектеулі жандардың істеген ісін он екі мүшесі сау адам жасай алмайды. Яғни, бұл олардың артықшылығы. Сондықтан, мүгедек жандар да өз таланттарын әлемге паш ете алады.

«Қолы ашықтың – жолы ашық» деген даналар келер ұрпағына жомарттықты жолдас, мәрттікті жанына серік ете білуге шақырған. Біздің өңірімізде де сол үрдіс жалғасын тауып келе жатыр. Осы бағытта аймағымызда «Жүрек жылуы» жобасы мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету ортақ мақсатқа топтастыруды үндейді. Халық қалауын дөп басып, жомарттықты жанына жолдас еткен ел азаматтары бар елдің еңсесі биік. Биыл бесінші мәрте өткен «Жүрек жылуы» облыстық өнер фестиваліне облыс аумағынан 150-ге тарта өнерлі балалар бағын сынады. Қызылорда Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген фестивалдің мақсаты

– облыстағы мүмкіндігі шектеулі балалар арасында өнердің түрлі саласындағы шығармашылық қабілеттерін анықтау, өнерлі балғындарды халық арасында кеңінен насихаттап, көмек қолын ұсыну, қолдау көрсету болып табылады.

Байқауға ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері, қазылар алқасының төрағасы Рамазан Тайманов, Серік Пірмаханов сынды ағаларымызбен қатар, облысымызға белгілі бірқатар өнер иелері қазылық етті.

Байқау нәтижесінде көлөнер жанры бойынша 12 жасқа дейінгі өнерпаздар арасынан бас жүлдені Қармақшы ауданынан келген Шау-ханбаева Айда иеленсе, I орын №5 мектеп-интернатының оқушысы Аманкелді Сәнияға бұйырды. Ал, 13-17 жас аралығында психоневралогия орталығының тәрбиеленушісі Саламатова Әселдің жасаған бұйымдары үздік шықса, I орынға шиелілік Нуштаев Максим лайық деп танылды.

Көркем сурет жанры бойынша жас суретші Ахметов Әділет бас жүлдені иеленсе, I орын қармақшылық Таңатаров Елжастың қанжығасында кетті. Ересектер арасында бас жүлдеге Палмағанбет Нұрдіәулет (№6 мектеп-интернат) лайық деп танылса, I орынға Жаңаберген Нұржан (№7 мектеп-интернат) табан тіреді.

Көркемсөз оқу жанры бойынша 12 жасқа дейінгі өнерпаздар арасында жалағаштық Сәдуақас Нұрбосынға тең келер ешкім болмады. Халықтың қолдауына ие болған №5 мектеп-интернатының түлегі Құлдүйсенова Меруерт I орынды еншіледі. 13-17 жас аралығында бас жүлде Дүйсенбеков Бекзатхан ие болса, Бекзаттың жеңісті жолын психоневралогия орталығының тәрбиеленушісі Рахметов Әділет жалғастырды.

Би жанры бойынша мың бұрала билеп көпшілікті таң қылған қазалылық жас өнерпаз

Нұртай Акерке бас жүлдеге ие болса, жерлесі Қашмұрат Дәурен I орынды місе тұтты. Ересектер арасында бас жүлдені психоневралогия орталығының би тобы иеленсе, I орынды Шиелі ауданынан келген Әбибулла Акерке еншіледі.

Халықтық орындау жанры бойынша №5 мектеп-интернатының тәрбиеленушісі Мусаев Бекзат I орынға ие болды. Күміс көмей, жез таңдай әншілер арасындағы сында психоневралогия орталығының тәрбиеленушісі Тастыбай Гүлнардың мерейі үстем болды.

I орынға қармақшылық Булекова Ақнұр жайғасты. 13-17 жас аралығында бас жүлдеге Хабибулла Дурдана ие болса, бірінші орынға Исмайл Азамат лайық деп танылды.

Біз қанша жерден мүмкіндігі шектеулі балалар дегеніміз болмаса, олардың өмірге деген құштарлығы шектеулі дей алмаймыз. Оның бір дәлелі, байқауға көлөнер жанры бойынша қатысқан Облыстық балаларды оңалту орталығының тәрбиеленушісі Махмұд Ғасыржанның жасаған бұйымдары. Ғасыржанның еңбектерінен бізге кеңдік, өміршендік те байқалатындай. Бірнеше сағатқа созылған өнер фестиваліне жиылған жұрттың қарасы да көп болды. Бір байқағанымыз, байқауға қатысқан өнерпаздар халықтың ықыласына, қошеметіне ерекше бөленді. Сонымен қатар, жас өрендердің жүрек жылуына зәру екендігі де байқалып жатты. Тағы бір айта кететін жайт, көркем сөз оқу жанрында өнерпаздардың көпшілігі тағдырлары ұқсас, ақын ағалары Нұрмұхамед Әбілқасымовтың өлеңдерін жиі оқыды. Тебіреніп, көзге жас алған көрермендер де, біз де жүрек жылуын сезінумен болдық.

Рыскелді ЖАХМАН.

Сөз патшасы

Еркебұлан Қайранов 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Өзінің талантымен дараланған Еркебұлан домбыра шерту мәнерімен қоса, композиторлық қасиетімен де ерекшеленіп жүр. Бірқатар облыстық жыр мүшәйраларының лауреаты. Қазіргі таңда, Қазанғап атындағы музыкалық колледждің студенті. 2012 жылғы «Жас дарын» атағының иегері.

Ағаға арнау

(Сахитжан Бермағанбетовқа арнау)

Туған жерін түлеткен түлегі едің,
Еңбек еткен ерлерін сүйеді елін,
Артыңда өлмес мұра із қалдырған.
Алашымның, ағатай жүрегі едің.

Азамат ең, арманшыл асқаралы,
Қажыр-қайрат қайсарлы бас қамалы.
Қатал тағдыр қақпанына түсіріп,
Мендік жүрек мұңдарды жастанады,
Жырларымнан жәудіреп жас тамады.

Үлкендерге жол беріп сыйлағаның,
Қиналғанға қол беріп қорғағаның.
Талантқа тағызым етіп қой ағаның,
Қалайша ұмытайын мұз балағым.

Өмірің үлгі жыр боп төгіледі,
Жиналып келді сырдың төңірегі,
Өткен сайын ауқытта аласармай.
Таулар ғана биіктен көрінеді.

Ер жігіт еңбегімен танылады,
Рухыңызды ұлықтар халық әлі,
Журналисте болған ең, жүйрікте ең.
Ағатайым, саланың саңылағы.

Қыста жазда, көктемде барады ай күз,
Сіз жоқсыз ғой, жүректі жаралаймыз.
Ақ үмітін артып еді ағатай,
Артыңда зар жылайды ана байғұс,
Тірі кезде қадірін түсіне алмай
Өлгеннен соң осылай бағалаймыз.

Қазанғап колледжінің биші қызына

Аққудайын әдеміше құс аппақ,
Көңіліме кетті менің тұзақ сап.
Би биледі, балкытып бір бойымды
Жігіт белден, қыз мойыннан құшақтап.

Биге енді қыздың бойы беріліп,
Көздеріме қор қызындай көрініп.
Қарақаттай қара шашы өріліп
Тұрған еді иығынан төгіліп.

Қара шашы қалың еді орманнан,
Қою қасы қарақаттай таң қалғам.
Тістеріде көзді тартып күмістей
Шиідейін еріндері бал тамған.

Қара көзің, қақ үстінде кірпігің,
Мен сезіндім жылулығын күлкіңнің,
Көлде қакқан аққуымдай қанатын
Қолдарыңды икем жасап сілкідің.



Еркебұлан
ҚАЙРАНОВ





ҚАЗАҚ ҚАСІРЕТІНЕ КӨЗҚАРАС

Ыбырай Алтынсарин да, оның мектебінен оқып шығып, ісін жалғастырған Алаш ардақтылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омарұлы сынды ұлы ұстаздар да «заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегендей, заман таукіметіне қарсы күресте ағартушылық жолды қалағаны рас. Өйткені, қазақ халқының болашағы үшін күрестің сара жолы осы болатын. Ыбырай Алтынсарин өзінің Николай Ильминскийге жазған хаттарының бірінде: «Мұнда халық ағарту ісі жана ғана басталып келеді. Жаңа салынған үйдің жақсы болуы, оның ірге тасының беріктігіне және мықтылығына байланысты ғой. Ал, біздің ісімізде де қазақ мектептерінің бүкіл болашағы, көбінесе, қазіргі басталған іске байланысты, сондықтан, мен ең жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат бағалаймын. Ізгілердің ізгісі, бізді тастамаңыз, мүмкіндігі болғанша, бізді қабілетті және асыл адамдармен камтамасыз етіп тұрыңыз... Халық мектептері үшін ең керектісі мұғалім. Оларға ең жақсы педагогикалық оқу құралдары да, ең мейірбанды үкімет жарлықтары да, өте мұқият инспекторлық бақылау да тең келе алмайды», — деп жазуы тегін емес.

Ыбырайды орысшыл еді деген пікірге келетін болсақ, ол туралы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болған А. Балғынбаев: «Өзіне келген орыс конактарды-мұғалімдерді және басқаларды ол өзінің кабинетінде және еуропаша жабдықталған асханасында қабылдайтын еді. Өздері болса үй ішінде, қазақтың әдеті бойынша кілем төсеп, жерде отырып тамақ ішетін. Үйде жүргенде ол қазақ киімін-бешпент, шапан, такія немесе жиегіне құндыз ұсталған бөрік киетін», — деп сипаттаған. Совет дәуірі идеологтары ұлы ағартушының «Мұсылманшылдық тұтқасын» жазып, шәкірттерге Ислам қағидаларын ұғындырғысы келгені туралы жұмған ауыздарын ашпаған, кейінірек қана кейбіреулері оны кертартпа пікірі болған деп бағалаған.

Б. Омарұлы «Зар заман поэзиясы» атты монографиясында 1959 ж. қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда ғалым Бек Сүлейменовтың ел құлағын елең еткізген тың дерек айтқанын жазды. Ол: «Ыбырай Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын «Горе киргиз» деген қолжазбасы толық танытады. Бұл оның Түркістан қазақтарының, Түркістан өлкесі ақындарының «зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді. Ы. Алтынсаринның бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт қоян жылдары деп аталатын ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы. Алтынсаринның «зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы. Алтынсарин зар заман туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз тектінде келтіреді», — дейді.

«Горе киргиз», яғни, «Қазақтар қасіреті» орталық мұрағаттың құжаттар қорынан табылып отыр. Ұлы ағартушы сол тұста вице-губернатор В. Ильинге оның аудармасын қоса жолдайды және сол жырлардың тууына себеп болған тарихи-әлеуметтік оқиғаларға талдау жасайды. Бұл талдауларда баса көрсетілген, беті ашылған кемшіліктер — отаршылардың үстемдігі, олардың қазақ жерін тартып алуы, осыдан кейін қазақ даласында қоян жұтының болуы, сайлау жүйесіндегі жөнсіздіктер, қазақ даласына дендеп кіре бастаған алаяқтық пен паракорлық, 1882 ж. уақытша ереженің қарама-қайшылығы, қазақ тұрмысымен үйлеспейті. Ұлы ағартушы па-

рамен сайланған болыс әуелі мал-мүлкін шығын қылады да, кейін болыс болып алғаннан кейін соның орнын толтыруға барлық күшін салады деп түсіндіреді. Осы орайда Қазақстанның халық ағарту комиссары болған Смағұл Сәдуақасовтың 1926 жылы Ташкент қаласында педагогикалық жоғарғы оқу орны ашылғанда жасаған баяндамасына назар аудармаса болмайды. Бұл баяндамасында С.Сәдуақасов қазақ-орыс мектептерінде негізінен православие дінін қабылдаған қазақ жастарын дайындау белең алғанын, қазақ балалары оған өз еріктерімен бармағанын, сондықтан да, қазақтар өз арасында жеребе тастағанын немесе кедейлердің балаларын осындай оқуға жіберу үшін сатып алып отырғанын айтқан.

«Орыс империализмі капитализмнің нығайған топырағында ғана туған жоқ, жалпы алғанда, ол отар халықтардың қан-сөлін сығып алу есебінен өсті және дамыды. Сондықтан да, орыс отаршылдығы Батыс өз отарларына берген көзге қораш экономикалық «пайданың» өзін бізге бере алмады. Ол тұста патшалық Ресейдің үкіметі нені армандап еді? Оның арманы, өкінішке орай, қазақ халқын орыстандыру, олардың арасында православие дінін тарату болатын. Жоғары маманданған орыс миссионерлерінің ірі ұйымдарының осы бағыттағы атқарған жұмысын кім білмейді? Миссионерлердің мұндай жұмысы ең алдымен ақ патшаның жомарт қолымен марапатталып, ұлт есебінде қазақ халқын біржолата жоюға бағытталды. Мұндай зұлымдық мақсатты көз алдымызға келтірудің өзі қиын» деген сөздерге айрықша назар аудару керек. Қазақстанның оқу комиссары болған С. Сәдуақасов «О значении вуза для Казахстана» деген баяндамасында Ыбырай мен Шоқан туралы деректерді мысалға келтіреді: «Өткен ғасырдың екінші жартысында Ыбырай Алтынсарин деген қазақ өмір сүрген. Ол қазақтардың арасынан бірінші болып орыс мәдениетімен жақындасты және славян (аудармада жаңсақтық кеткен, түпнұсқада — славян емес, православный, яғни, православие діні деп оқылуы керек — А.Ш.) дінінің миссионерлеріне жан-тәнімен қызмет істеді. Орыс-қырғыз мектептерін ашуға бірінші болып аталысқан да осы кісі, қазақтарға орыс әрпімен жазуды ұсынған да — сол. Ол атакты миссионер ғалым Ильминскийдің досы және сенімді серігі болды.

Міне, осы Алтынсарин өлерінің алдында өзіне бірде бір орыс, тіпті, ең жақын достарын келтірмеуге жарлық берген. Тірі кезінде діннен безген осы кісі жаназасына 99 молда шақырылсын деген өсиет қалдырыпты. Бұл оқыған қазақтың трагедиясы болатын. Бізге оның бұл қимылы қазір түсініксіз де болар, бірақ, көп жылдар бойы орыстармен қойын-қолтық араласып жүріп, ең ақырында миссионерлердің қазақ халқына зәредей де жақсылық ойламайтынын түсінген болу керек. Мүмкін оның қазақ деп соққан жүрегі соңғы минуттарында өзінің қылмысына төзе алмаған шығар, сондықтан да, ол көп жыл бірге қызмет істеген достарын көргісі келмеген болар.

Бізге Алтынсариннен білімі де, атағы да бір кем емес тағы бір қазақ болған, ол — Шоқан Уәлиханов. Шоқан орыстың Шығыстағы отарлау саясатын жүргізуге шын көңілімен араласты. Уәлиханов патша өкіметінің әскери-соғыс министрлігі үшін мәлімет жинау мақсатымен жасырынып Қашғарияға барып қайтқан. Ол Түркістанды бағындырған атакты генерал Черняевтің отрядында әскери (түпнұсқада — офицер — А.Ш.) болып қызмет істеген. Осы Уәлихановтың өмірі қалай бітті дейсіздер ғой — оның өмірі де Алтынсарин өміріне өте

ұқсас. Өмірден қайтар алдында Уәлиханов өзінің орыс достарының бәрінен бас тартты. Орыс армиясының сырбаз офицері болған Уәлиханов әскери киімін тастап, қазақтың кең қолтық шекпенін, (біздің ойымызша, шекпен емес, шапан, аудармадан жаңсақтық кеткен болуы керек — А.Ш.) саптама етігін киіп, алыстағы қазақ ауылында дүниеден өтті.

Сібір ғалымдарының басшысы Ядринцев Шоқан Уәлихановтың қайғылы өлімі еуропалықтар үшін ызбарлы ескерту болуға тиіс деп жазды Шоқанға арналған некрологта. Ол орыс адамдары бұл жерде қатты ойлану керек деп жазды.

Меніңше, қазақ халқының ұлттық санасының ояну дәуірінің басында мәдениетті Еуропамен байланыста болған қазақтардың қалай жұмыс істегені жайында осы екі мысалдың өзі-ақ жеткілікті болар» (Смағұл Сәдуақасұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. 3-ші том. Астана, 2013 жыл, 332-335 беттер). Бұл баяндаманың орыс тіліндегі нұсқасы да осы кітапта жарық көрген (277-278 беттер).

Смағұл Сәдуақасовтың орыс тілінде жасаған баяндамасындағы: «Русский империализм возник не только на почве усиления капитализма, между прочим он рос и развивался за счет выжимание соков колониальных народов. Поэтому русская колонизация не дала нам и тех жалких экономических «выгод», которыми Запад надеялся свои колонии. Вспомните первое завоевание казахских степей. О чем мечтало тогда правительство царской России? Оно мечтало, увы, обрусить казахский народ, насадить среди него православие. Кто не помнит работу, произведенную в этом направлении крупной организацией высоко квалифицированных русских миссионеров? Такая работа миссионеров, главным образом субсидировавшаяся щедрой рукой белого царя, была направлена целиком на уничтожение казахского народа, как нации. Можно ли себе представить более низкую, чем описанная, затею!» — деген сөздерді қазақ қайраткерінің жүрек жарды шындығы есебінде қабылдайтынымыз анық. Осындай жағдайды Ыбырай Алтынсарин да білмеді емес, анық білді, алайда, тығырықтан шығатын жол сол орыс-қазақ мектептері арқылы көздері ашық, көкірегі ояу азаматтарды тәрбиелеп, сол «үміт еткен достары» арқылы қазақ халқының санасын ояту болды. Ендеше «Оян, қазақты» алғаш айтқан Міржақып Дулатов емес, Ыбырай Алтынсарин деуге толық негіз бар. Алтынсаринның шәкірттері бұл ұранды айқайлап айтса, ұлы ағартушы оны сыбырлап айтты. Барлық айырмашылығы осы ғана. Тағы да Смағұл Сәдуақасовқа жүгірсек, ол былай дейді.

«Товарищ Жургунов в своем вступительном слове указывал, что дело народного образования в идее своей интернациональна, но по форме оно должно быть национальным. Я вполне согласен с ним, и считаю что общечеловеческая культура тем скорее будет усваиваться отдельными национальностями, чем это культура будет прививаться среди каждой народности на своем родном языке. Нам нужны и агрономы, и врачи, и инженеры, и т.д. Но в первую очередь в настоящее время казахские трудящиеся массы нуждаются в педагогах. Не бесполезно, товарищи, и здесь вспомнить о прошлом, примеры которого должны служить нам уроком в нашей предстоящей работе. Бывали разного рода «культурные» связи представителей казахского народа с цивилизованной Европой. Во второй половине прошлого столетия жил казах, некто Алтынсарин, он первый из казахов приобщился к русской куль-

туре и не за страх, а за совесть служил помощником православных миссионеров. Он первый был организатором, так называемых, русско-киргизских школ, поборником русского шрифта для казахской письменности. Он был другом и правой рукой знаменитого ученого миссионера Ильминского. И вот этот Алтынсарин перед смертью распорядился не пропускать к себе даже близких своих друзей. Этот атеист в жизни оставил завещание, чтобы на его похороны были приглашены 99 мулл. Да, эта была трагедия просвещенного казаха, может быть теперь для нас совсем непонятая трагедия, заключавшаяся в том, что в результате многолетней совместной работы с русскими, он все таки, в конце концов, пришел к заключению, что миссионеры ничего хорошего не желают для казахского народа. Может быть, его угнетенное казахское сердце, в последнюю минуту не выдержало собственного преступления, и он отказался от товарищей, с которыми много лет работал вместе».

Смағұл Сәдуақасовтың тағы бір даңқты жерлесіміз, ұлы ғалым Шоқан туралы айтқан пікірі де назар аударарлық: «Был у нас и другой казах, не менее способный и не менее известный в свое время Чокан Валиханов. Он был искренним проводником русской колониальной политики на Востоке. Валиханов тайно ездил в Кашгарию собирать сведения для военного министерства царского правительства. Он служил офицером в отряде знаменитого генерала Черняева, который покорил Туркестан. И что вы думаете, чем кончил этот Валиханов. Кончил тем же, что и Алтынсарин. Под конец своей жизни Валиханов отрекся от всех своих прежних друзей, этот эlegantный офицер русской армии переоделся в широкую киргизскую одежду, в тяжелые степные сапоги и умер в заброшенном киргизском ауле. Глава сибирских областников, уже известны вам Ядринцев в своем некрологе писал, что трагическая смерть Чокана Валиханова является грозным предостережением для европейцев. Он писал, что русским людям следует над этим задуматься».


Орыс миссионерлері орыс тілін қазақ баласының көзін ашу үшін емес, ол өзінің ана тілін мүлдем ұмытуы, мұсылман дінінен бас тартуы үшін үйреткенін аңғару қиын емес. Ыбырай Алтынсарин «Горе киргиз», яғни, «Қазақ қасіретінде» осы жайды тап басқан, зар заман ақындары шығармашылығын талдай отырып, өз тілі мен дәстүрінен айырудың зардаптары туралы ой қорытқан. Сондықтан да, ол өзі туралы айтылған пікірлерге тосқауыл қойғысы келіп:

«Аласы ағайынның алаңдатты,
Көре алмай көп ішінен жамандатты.
Шокынды, крест такты, кәпір болды

деп,
Келгенін ауызына айтып бақты», — деп қамығады.

Алтынсарин заман аужайын дәл таныған, тамыршыдай дертін де білген, сол қапаста ауа жетпей тұншыққан жандай өмір сүрген, халық тағдырына алаңдаған, келешекті болжай білген қайраткер. Орыс тілінде сөйлесе де қазақ үйінде отырғанын ешқашан естен шығармаған ұлы тұлғаны кезінде өз замандастары да ұға алмаған. Оны дұрыс түсіну және жете түсіндіру бүгінгі ұрпақтың парызы.

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,
Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университетінің
профессоры.**



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР «БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИАТЫНЫҢ СТАТУСЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ ХҚКО-ЛАРДА АЛА АЛАТЫН БОЛАДЫ

Аталған анықтаманы алу үшін азаматтың өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы және қажетті өтініштерді толтыруы тиіс. Егер клиент ХҚКО-ға жеке өзі келе алмаса, қызметті алуға жүгінген өкілге нотариалды куәландырылған сенімхат керек.

«ХҚКО» РМК бас директорының айтуы бойынша бұрын бұл қызмет ҚР Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық бағдарламалар орталығында ғана ұсынылатын, енді «Болашақ» халықаралық стипендиятының мәртебесі туралы анықтаманы ҚР-дың барлық 267 ХҚКО-сынан алуға болады. «Шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері кез келген ХҚКО-ға барып, электрондық кезек тәртібімен жүгіне алады және де олардан аталған қызметті алуға өтінім қабылданады», - деп қосып өтті ол.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Астана тұрғындары үшін 1 жұмыс күнін (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету

мерзіміне кірмейді), басқа өңірлердің тұрғындары үшін – күнтізбелік 15 күнді (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) құрайды.

Мемлекеттік қызмет тегін ұсынылады.

Балташева сондай-ақ 1 және 2 топ мүгедектігі бар адамдардың үйіне барумен қызмет ала алатындығын хабарлады. Бұл үшін оларға 1414 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну және қызметті алу үшін қолайлы уақытты көрсету керек. Мобильдік топ 72 сағат ішінде қызмет көрсету үшін үйге барады.

Анықтама ретінде: Бүгінгі күні Қазақстанда 191 мемлекеттік қызметті көрсететін 267 халыққа қызмет көрсету орталығы қызмет жасауда.

Ағымдағы жылдың 8 айына ҚР ХҚКО-ларында 24 миллионнан астам қызмет көрсетілді.

ХҚКО Қызылорда облысы бойынша Баспасөз қызметі

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«Халыққа қызмет көрсету Орталығы» Арал аудандық бөлімінің басшысы Л.К.Ибраимова, алдын ала аудандық басылымға жарияланған кесте бойынша, елді-мекендерді аралап, тұрғындармен кездесу өткізді. Атап айтқанда, Сексеуіл кенті мен Қамыстыбас ауылында болып, халықтың ұсыныс, тілектерін тыңдап, құжаттандыру бойынша құқықтық кеңестер берді. Кездесу барысында тұрғындарға «электрондық үкімет» порталының мүмкіндіктері туралы баса айтылып, болашақта барлық азаматтар өздерінің электрондық сандық қолтаңбалары арқылы жеке бастарына қатысты түрлі

қызмет түрлерін ХҚКО-на бармай-ақ, өз бетінше қол жеткізудің маңыздылығын айтып өтті. Сонымен қатар, ХҚКО Арал аудандық бөліміндегі «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы» туралы мәлімдеме жасалып, онда тұтынушылардың e.gov.kz порталынан өз бетінше анықтамалар шығарып үйренуге мүмкіндігі бар екендігі, ол жерден әркім өзіне электронды сандық қолтаңба ала алатындығын және электронды қызметтің басқа да түрлерін алуға болатындығы қаперге салынды. Сондай-ақ, бөлімнің кеңесшілері де арнайы кесте бойынша Аралқұм, Қарақұм ауылы мен Жақсықылыш кентінде болып, ауыл азаматтарына құжаттамалық

кеңестер берді.

Шалғай ауылдың тұрғындары, өз кезектерінде, ай сайын іссапармен келіп, құжаттарын қабылдап, тұтынушылардың тілегі бойынша, арнайы құрылғылармен жабдықталған автокөлік арқылы анықтамаларын электронды портал арқылы жедел шығарып табыстап, шаруаларын аяқ астынан тындырып, кеңес беріп тұратын бөлім қызметкерлеріне дән ризашылығын білдірісті. Мамандардан сұрақтарына тұщымды жауап алған ауыл тұрғындары ХҚКО жұмысына жеміс тіледі.

«Халыққа қызмет көрсету Орталығының» Арал аудандық бөлімі

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛІК ЖАНДАНУДА

«Лаваджо» итальяндық химиялық тазалау цехының ашылғанына 3 айдың жүзі болды. Даму қоры арқылы 9 млн теңге алып, осындай кәсіппен айналысуда, деп хабарлайды kogamtv.kz.

Ол қаржыға тоқыма және тері бұйымдарын химиялық тазалау орталығына құрал-жабдықтар сатып алынған. Бүгінде цех тапсырыспен жұмыс жасауда. Ал, өз қаражаты есебінен кәсіпкер

Асқар Әбікенов полиэтилен бөтелке мен гигиеналық қағаз шығарумен айналысуда. 2012 жылдан бері полиэтилен құтыларын тапсырыспен шығарып келсе, қазір гигиеналық қағаз жасап сатуда. Арнайы құрал-жабдықтарды 2 млн. теңгеге Украинадан сатып алды. Керекті шикізатты да Ресейден, Алматыдан тапсырыспен алдыр-тады.



МӘҢГІЛІК ЕЛ, МӘРТЕБЕЛІ ТІЛ!

Қармақшы ауданында Қазақстан халқы тілдері мерекесінің салтанаты өтті.

«Жалпы, тіл – адам мен адамды, халықпен халықты жақындастыратын ерекше құрал, достықтың пен бірліктің негізі. Дәл осы бірлік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында елеулі табыстарға қол жеткізуіне тікелей әсер етуде. Әсіресе, Отандастарымызды бір мүддеге ұйымдастыруда, біріктіруде мемлекеттік тіл - қазақ тілінің маңызы мен ролі ерекше», - деген аудан әкімінің орынбасары Бо-

лат Накипов айтулы мерекемен барша жерлестерді құттықтады.


Әр түрлі тақырыпта қалам тербеп, үлгілі қызмет атқарып жүрген бір топ тіл жанашырларына Алғыс хатпен марапатталып, сый-сияпат жасалды.

Мерекелік салтанатта «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Күлжауһар Раева құттықтау сөз сөйлесе, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» аудандық филиалы төрағасы Әбдірахман Құлдүйсенов тілдер мерекесі аясында мек-

теп оқушылары арасында өткізілген «Туған тілім-тірегім» атты мүшәйраның жеңімпаздарын марапаттады. Мүшәйраның Бас жүлдесін иемденген №30 орта мектептің оқушысы Гүлфарица Кеңшілікованың «Қазақ тілі» өлеңі көпшіліктің көңілінен шықты.

Шарада аудан көркемөнерпаздары ән мен жырдан шашу шашып, мереке ажарын айшықтай түсті. «Жас ұландықтар» әдеби қойылым ұсынды.

АЖ-ақпарат





САБИНА ШЕТЕЛДЕ БАҒЫН СЫНАМАҚ

Қазақстан волейболшысы Сабина Алтынбекова GSS Sunbeam жапон волейбол клубының намысын қорғайтын болды. Бұл туралы клубтың ресми сайтында жарияланды.

Спортшы аталған клубта

1 ай бойы жаттығып келген. Биыл карашада клуб спортшылары V.Challenge Ligue чемпионатында бабын сынайтын болады.

Өзінің блогында қазақстандық спортшы жаттығу 8 сағатқа дейін жалғасатынын айтқан. Айта

кетейік, Сабина Алтынбекова 2014 жылы Қытайда өткен Азия жастар чемпионатында көзге түскен. Қытай журналистерінің объективінен түспеген бойжеткен аз күнді әлемге танымал болып шыға келген еді.

РУСЛАН РУХТЫ БІР КӨТЕРДІ

Қызылордада еліміздің ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер Сартай Мыхановты еске алуға арналған қазақ күресінен түйе палуандар арасында республикалық ашық турнирі өтті. Бұл туралы



Қызылорда облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан хабарлады.

Бәсекеге еліміздің 7 облысынан және Грузия, Өзбекстан, Қырғыз елінен 31 палуан қатысты.

Сайыс нәтижесі бойынша қызылордалық Руслан Әбдіразақов чемпион атанып, «Nissan patrol» жеңіл

автокөлігін иеленді. 2-орынды қарағандылық Ержан Шынкеев алса, 3-орын Алматы қаласының палуаны Арсылан Абдамитке бұйырды. Сондай-ақ, көрермендер көзайымы номинациясын Грузия елінің палуаны Левани Матеа Швили иеленіп, 500 мың теңгенің сертификаты табысталды.



«АЛТЫН КҮЗ-2015» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Шиелі ауданында өткізілген «Алтын күз-2015» облыстық спартакиадасы аясында ұлттық көкпар, тенге салу, аударыспақ ойындарынан сайыс өз мәресіне жетті.

Аталмыш ойындарға өңіріміздің 7 ауданынан 100-ге жуық спортшылар қатысты. Нәтижесінде көкпардан I орынды Жаңақорған ауданының шабандоздары иеленсе, II орынға Шиелі, III орынға Қармакшы ауданы табан тіреді.

Сонымен қатар, тенге са-

лудан I орынды Сырдария, II орынды Жаңақорған, III орынды Шиелі ауданы иеленді. Ал, аударыспақ ойынынан Жаңақорған ауданы көш бастады. Сырдариялықтардың күші Шиелі ауданының спортшыларынан басым түсіп, II-орынды иеленді. Шиелі ауданының спортшыларына III-орын бұйырды.

Жеңімпаз командаларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛАУЫ ЖЕЛЫРЕДІ

Ресейдің Ялта қаласында бозбалалар мен бойжеткендердің арасында жазғы полиатлоннан әлем чемпионаты болып өтті. Жарысқа 21 командадан 180 көпсайысшы бағын сынады. Атлеттер бас жүлдеге бессайыс бағдарламасы бойынша таласты: спринт, оқ ату, снаряд лақтыру, жүзу және кросс.

12-13 жастағы бойжеткендер арасында спорттық бәсекеде «Жастар» ОРМБЖСМ тәрбиеленушісі Арина Мишеева жеңімпаз атанды.

Қазақстан Республикасының атынан жасөспірімдердің әлем чемпионатына іріктеу қорытындылары бойынша алынған



барлығы 2 спортшы қыз қатысқан болатын. Өкінішке қарай, Қостанай спортшысы 14-

15 жастағы бойжеткендер тобында 4-ші орын алып, жеңімпаздар тұғырына шыға алмады.

ЕЛЕУСІНОВ ЕРЛЕП ТҰР



Қазақстандық боксшы Дәурен Елеусинов кәсіби рингте төртінші жеңісіне қол жеткізді, оның үшеуі нокаут, деп хабарлады Vesti.kz.

Нью-Джерсиде супер орта салмақта шаршы алаңға шыққан қазақстандық Техас өкілі Джастин Уилтямспен кездесті. Төреші екінші раундта ойынды тоқтатуға мәжбүр

болды. Елеусинов қарсыласын екінші раундтың 57-ші секундында нокаутқа түсіріп, айқасты жеңіспен аяқтады.

Америкалықтың еншісінде 17 жекпе-жек, 4 жеңіс, 11 жеңіліс, 2 тең ойын бар. Елеусиновте 4 жекпе-жек, төрт жеңіс. Оның үшеуі – нокаут. Болашағынан үміт күттіретін Дәуреннің жеңісті жолы ұзағынан болмай.

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Куәлік №14434-Г.		Тапсырыс № Таралым 2000
е-mail: alash_zholy@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	